


АЛҒЫС ЖҮРЕКТЕН ШЫҒАДЫ

2019 жылғы 28 - ақпанда «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайында 1-наурыз - «Алғыс айту» күніне орай «Алғыс



жүректен шығады» атты қайырымдылық акциясы мен «Жүректен жүрекке» атты мерекелік іс шара өткізілді. Мерекелік іс шараның мақсаты: Алғыс айту күні сыйластық құндылығы ризашылық пен алғыс айту туралы түсініктерге шолу жасау, бұлдіршіндердің үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, кішіпейілділікке, бір-біріне деген ыстық жылы тілек, жүректен шыққан



алғыстарын айтуға, ізгілікке тәрбиелеу.

Алғыс айту күніне бөбекжайымызға көп балалы отбасындағы ата-аналар, бөбекжайдың алғашқы түлегі болған шәкірттер қонаққа келді. Мерекемізді балабақшамыздың кіші «Балапан» тобы би шашуымен ашты. Әр топтың тәрбиеленушілері келген қонақтарға жүректен шыққан жыр тақпақтары мен «Барбарики», «Мики Маус», «Джентельмен» билерін билеп және «Көкте», «Ерке қыздар» әндерін айтып, жиналғандарға өз өнерлерін көрсетіп,

апайларына алғыстарын айтты.

Кешіміз «Алғыс жүректен шығады» акциясымен ұйымдастырылған қайырымдылық шарасына жалғасты.

Бөбекжайымыздың тәрбиеленушілері көп балалы отбасынан Ахмедиянов Илияға



және Карибаева Раушан апайымызға бөбек-жайымыздың атынан сый-сыйапаттар тапсырды. Мерекеміз II кші топ бұлдіршіндерінің «Кел билейік вальс» биімен аяқталды.

Мерекеге келген қонақтарымыз және шәкірт түлегіміз Аманбай

Бибінуір «Наурыз» әнін шашу ретінде тарту етті. Келген ата-аналар өнерлерін ортаға салып, көңілдерін көтерген бұлдіршіндерге өз ризашылықтарын білдірді.

Ата – аналар мен бұлдіршіндердің жүздерінен қуаныш пен күлкіні көрген біздер мереке қызықты әрі тартымды өтті деген ойдамыз.

А.Т.Ахметова, Қ. Куземабаева,
«Приозерск қаласы
«Балақай»бөбекжайының
«Құлынишак» және «Ақбота»
топтарының тәрбиешілері